



Ақмешіт

23 тамыз
сенбі

№63 (2176)

2025 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Аялаймын сені, Қызылорда!

Мөлдір СМАХАНОВА,
№290 «Келешек мектебінің» директоры:

БІЗ КЕЛЕШЕКТЕ ЕЛІМІЗГЕ ПАЙДА ӘКЕЛЕТІН ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУІМІЗ ҚАЖЕТ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асқан «Келешек мектебі» жобасының игілігін Сыр жұртшылығы да сезінуде. Осыдан бір жыл бұрын сол жағалаудан «Келешек мектебі» пайдалануға берілді. Бұл мектеп бір жылда қандай артықшылықпен ерекшеленді? Жанға жайлы мектепте оқып жатқан оқушылардың білімге деген құштарлығы қаншалықты өзгерді? Көкейдегі сұрақтарға жауап алу үшін №290 «Келешек мектебінің» директоры Мөлдір Смахановамен сұхбаттастық.

– Жақында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қатысқан республикалық Тамыз кеңесінде мінберде сөз сөйледіңіз. Жиынынан қандай ой түйіп қайттыңыз?

– Жаңа оқу жылы қарсаңында ұйымдастырылған республикалық «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» атты тамыз конференциясына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысты. Бұл ұстаздар үшін үлкен қолдау деп есептеймін. Аукымды іс-шараның мақсаты – еліміздегі білім беру жүйесінің бүгінгі жағдайын саралап, болашағына бағдар жасау. Конференцияда көтерілген басты мәселелер – ұстаздардың кәсіби дамуы, жас ұрпақты адалдық пен патриотизмге баулу, цифрлық білім берудің тиімділігі мен инклюзивтік оқытудың келешегі. Конференциядағы маңызды жаңалықтың бірі – 1 қыркүйектен бастап барлық білім беру ұйымында «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасының енгізілуі. Бұл бағдарлама арқылы оқу орындарында тәрбие жұмысы жаңа форматқа көшіп, мазмұны мен әдістемесі жаңартылады. Сонымен қатар «Қазақстан балалары», жасанды интеллект, инклюзивті оқыту сынды бағыттар білім беру жүйесін түбегейлі жаңғыртуға жол ашады. Осы орайда, оқушыларға сапалы білім беріп, саналы азамат тәрбиелеу басты мақсатымыз екенін айтқым келеді. Біз оқушылардың бойында еңбексүйгіштік, азаматтық секілді құндылықтарды дамытуымыз қажет екенін білеміз. Президенттің ұстаздар туралы айтқаны бізге үлкен қолдау болды.

4-БЕТТЕ



«ҚАРАМАЙ ДАУЫЛҒА ДА ЖАУЫНҒА ДА» НЕМЕСЕ ЖАСЫЛ ҚАЛА ЖАСАУ БЕЙНЕТІ

Бүгінде қала келбеті жаңа кейіпке еніп қана қоймай, күн өткен сайын көркейіп, тазалығы мен әсемдігі де қатар көзге түсуде. Соңғы жылдары қолға алынған жүйелі жұмыстың нәтижесінде Қызылорда «Таза қала» республикалық жобасының алдыңғы шебінен көрініп, көш бастап тұр. Қала әкімдігі тарапынан абаттандыру жұмысы басты назарға алынып, тұрғындарға жайлы орта қалыптастыру бағытында ауқымды жобалар жүзеге асуда. Әсіресе, көгалдандыру шаралары қаланың көркін кіргізіп, тұрғындардың көңілін сергітуде. Сондай-ақ қала көшелерінде тұрғындарға қауіп төндіретін құраған ағаштарды кесу, олардың орнына тал егу, саябақтар мен аллеяларды жаңарту қарқынды жүргізілуде. Осы орайда, қалалық қоғамдық даму бөлімі ұйымдастырған баспасөз туры аясында қалада атқарылып жатқан жұмыстың жай-жапсарына куә болдық.

3-БЕТТЕ

«СЫР СҰЛУЫНА» ОРАҚ ТҮСТІ: ОТАНДЫҚ СОРТ ӨЗІН ДӘЛЕЛДЕДІ МЕ?



Ықылым заманнан иыққа кетпенін іліп, маңдайдан жерге тамған тамшы тердің несібесін терген Сыр халқы үшін бүгін де күріш дақылы басты орында. Бірақ «жау жағадан алғанда, бөрі етектен тартады» демекші, су тапшылығы бүйірден қысқанда не жердің құнарын сақтауды, не күріш көлемін азайтып, су үнемдеуді білмей, шақшадай басы шарадай болған шаруалардың жанайқайын да естіп жүрміз. «Күлтөбенің басында күнде жиын» дегендей, мамандар күн сайын «суды қалай жеткіземіз?» деп, мәселені мінберде айтып жүр. Бірақ сирақтан келмей қалған Сырдария суының сиқына қарап, басымызды төмен саламыз. Шалғайдағы шаруаның ала жаздайғы еңбегі еш кетпесе екен деген ой бәрімізді мазалайды. Ғалымдар енді мәселені шешудің жанама әдістерін де ортаға салып, бір-бірінің ойын таразылауда.

Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ институтының Қарауылтөбе ауылындағы күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу егістік алқабының 240 гектарына биыл

күріштің «Сыр сұлуы» сорты егілді. Жыл сайын су мәселесі мінберден түспей тұрғанына қарап, мұндағы ғалымдар түрлі тәжірибе жасап жүр. Түске дейін ауылдық мәдениет үйінде бас қосқан зиялылар бұл жолы «етгімен су кешіп», егіс басына барды. Қытайлық шағын комбайнды сынамадан өткізіп, «Сыр сұлуына» орақ салды. Қадірменді қонақтардың арасында Сенат депутаты Руслан Рүстемов, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев та бар.

«Сыр сұлуы» – отандық сорт. Мамандардың айтуынша, бұл күріш сорты біздің өңірге қолайлы. Климаттық жағдайға да, су үнемдеуге де тиімділігін көрсеткен.

2-БЕТТЕ

ТАСБӨГЕТ: АПАТТЫ ҮЙЛЕР АЗАЙДЫ МА?

Қала іргесіндегі Тасбөгет кентінің ажарын жаңадан бой көтерген зәулім үйлер айшықтап тұр. Бұрынғы аудан орталығының көшелері кең, оны бойлай өскен қалың ағаш та кенттің тарихынан сыр шерткендей. Тасбөгет кентіндегі тұрғындардың көпшілігі қала орталығына


қатынап жұмыс істейді. Дегенмен халыққа қызмет көрсететін кәсіпкерлік нысандары көбейіп, кенттің шаруасына қан жүгіртіп, елдің өңесін тіктеуге көмектесуде. Мұнда қатынайтын бірнеше қоғамдық көліктің сызбасы да халыққа қолайлы.

Тасбөгет кентінде атқарылып жатқан жұмыстар және болашақта қолға алынатын жобалар барысы туралы Тасбөгет кентінің әкімі Айдын Тыныштықбай БАҚ өкілдеріне берген брифингте баян етті. Ең алдымен бюджет пен салықтың түсімін көбейту әлеуметтің әлеуетін көтеруге жәрдемдеседі. 2025 жылға бекітілген бюджеті 496 млн теңге болса, алғашқы жартыжылдықта 302,2 млн теңге қазынаға құйылып, жоспар 100 пайызға орындалған.

Ал салық түсімінің жоспары 6 айда 103 пайызға жетіп, артығымен орындалған.

Кентте кәсіпкерлер саны күн сайын артып келеді. Кәсіпкерлік нысан саны биылғы жарты жылда 880 болса, 606-ы жеке кәсіпкер, 256-ы заңды тұлға, 18-і шаруа қожалық. 3 азық-түлік шағын маркеті, 2 көлік жуу бекеті, 2 дәмхана, 1 техникалық жөндеу орталығы және 1 отбасылық кафе ашылғанының өзі бұл саланың өркендегенін көрсетеді.

3-БЕТТЕ



САНАҚТЫҢ ОНЛАЙН КЕЗЕҢІ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

Биылғы 1 тамыздан бастап елімізде ұлттық ауыл шаруашылығы санағы басталғаны баршамызға мәлім. Бұл – елдің аграрлық саласын кешенді түрде зерттеп, ауыл шаруашылығындағы жағдайды анықтауға бағытталған маңызды қадам. Айта кетейік, санақ екі кезеңнен тұрады. Онлайн кезеңі 1-31 тамыз аралығында жоспарланып, жүзеге асуда. Бұл кезеңде тұрғындар мен шаруашылық иелері sanaq.gov.kz порталы арқылы сауалнаманы өздері толтыра алды.

2-БЕТТЕ

САПАЛЫ ҚҰРЫЛЫС – САПАЛЫ ҚЫЗМЕТТІҢ КЕПІЛІ

Өңірде құрылыс жұмыстары қарқын алған. Жол және әлеуметтік нысан құрылысы әркез қадағалауда болу керек. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қала әкімі мен басқарма басшыларымен бірге бірнеше нысанды аралады.

Аймақ басшысы алдымен «Сәулет» мөлтек ауданындағы жаңа жиһаз цехының құрылыс жұмысын көрді. Бүгінде цехтың өндірістік қуаттылығы жылына 35 мың дана дайын өнім шығаруға жетеді. Толық іске қосылғанда 30 адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Жобаны қаржыландыру үшін «Өңірлік инвестициялық орталықтан» берілген 59 млн теңге несиеге заманауи өндірістік құрал-жабдықтар сатып алынды. Бүгінде «Панабек» серіктестігі алдына қойған айқын мақсатына қарқынды қадам басуда.

– Біз нарықта 22 жылдан бері жұмыс істеп келеміз. Әрине, бәрі бірден болмайды. Жыл сайын тәжірибе жинап, кәсіпті дамытудамыз. Мемлекеттік бағдарламалар көмегімен дамудың даңғылына шығып жатқандар көп. Қолдауға ризамыз. Тың идея болып, қолдың қысқалығы балақтан тартып жатқанда Өңірлік инвестициялар орталығы қаржылай қолдау көрсетті. Алдағы уақытта кәсіпті мұнан әрі де кеңейту жоспарда бар, – деді серіктестік өкілі.

Ал «Қызылорда Нан» ЖШС-нің нан-тоқаш, кондитерлік және макарон өнімдерін өндіру кешені тәулігіне 7 тонна өнім өндіреді. Жақын арада өндірістік қуаттылығын тәулігіне 15 тоннаға дейін арттыру жоспарлануда. Өнімнің 30 % -ы кәсіпорынның жеке сауда желісі арқылы, ал 70 % -ы Қызылорда қаласы мен оған іргелес елді мекендерге жеткізіледі.

Бұдан бұрын да Қызылорда

өңірінің жол сапасы көп аймақтан алда екені айтылып жүр. Әрбір жұмыс сапалы орындалып, жұртшылықтың тақтайдай тегіс асфальтта жүру мүмкіндігі артты. Облыс әкімі барған «Қызылорда–Құмкөл» автожолының жолайрығында да жұмыс қызу жүруде. Қазіргі таңда көпірдің 5 кіреберіс қанаты асфальтталды, негізгі үстіңгі бөлігіне қиыршық тас, 800 метріне асфальт төселді.

Облыс орталығындағы қызу жұмыстың бірі «Тәуелсіздікке – 25 жыл» даңғылында жүріп жатыр. Мұнда 4 жолақты автожолмен қатар, ені 6 метр болатын жаяу жүргіншілер және велосипед жолдары салынады. Құрылыс жұмыстарын «УАД» ЖШС атқаруда.

Сонымен қатар аймақ басшысы 11 мың орындық жаңа стадионның құрылыс алаңына барды. Жаңа спорт нысаны жанынан 1000 орындық автотұрақ пен 40 орындық VIP тұрақ қарастырылған. Ғимараттың батыс секторында спортшыларға арналған жаттығу алаңы, жуыну аймақтары, киім ауыстыру бөлмелері, төрешілер мен жаттықтырушыларға арналған кабинеттер, сондай-ақ емдік массаж бөлмелері орналасқан. Шығыс секторында ауыр атлетика, бокс, гимнастика, акробатика және күрес залдары, қыздырыну бөлмелері бар. Жанкүйерлер үшін санитарлық тораптар, тамақтану және демалыс аймақтары, кафетерий, VIP-аймақтар мен жеке кабинеттер қамтылған.

«Ақмешіт-ақпарат»



«СЫР СҰЛУЫНА» ОРАҚ ТҮСТІ: ОТАНДЫҚ СОРТ ӨЗІН ДӘЛЕЛДЕДІ МЕ?

– Бізде қазір егіліп жатқан күріштің 70-80 пайызы – ресейлік сорттар. Ал «Сыр сұлуы» олардан әлдеқайда бұрын піседі. Вегетациялық кезең қысқарған сайын суды үнемдеу де, шығыны да азаяды. Міне, сол себепті біз алдағы уақытта осы сорттың көлемін ұлғайтқымыз келеді, – дейді техника ғылымдарының кандидаты, доцент Жанұзақ Байманов.

Өңірдегі ірілі-ұсақты шаруашылықтардың көпшілігі «Сыр сұлуын» аз көлемде егіп бастаған. Солардың бірі – Қармақшы ауданындағы «Жаңажол» серіктестігі. Шаруашылық төрағасы Орынбасар Төлепов тәжірибесімен бөлісті.

– Осыдан 5-6 жыл бұрын 5 гектар жерге ектік. Әр гектарына 70 центнерден өнім алдық. Бірақ дақылдың сырын білмегендіктен бе, әйтеуір, өнімділігі азайып кетті. Күтіп-баптау жағынан кемшін кеткен болар. Бірақ бұл сорттың өзіне тән ерекшеліктері бар. Мәселен, өнімділігі аз болса да, өтімділігі оның орнын басады. Нарыққа төтеп беретін дақыл. Тағы бір ерекшелігі, «Сыр сұлуы» егілген жерге қамыс шықпайды. Алдағы уақытта өнімділігін зерттеп, арттыруға күш салып егу жоспарда бар, – дейді Орынбасар Өтепұлы.

Белгілі ғалым, техника ғылымдарының докторы Серікбай Өмірзақов та бұл сорттың жан-жақты тиімді екенін айтады.

– Кез келген дақылға өз алдына күтім керек. Сол тәрізді «Сыр сұлуына» өзіне қажетті күтімін жасап, баптар болсақ, рекордтық өнім алуға әбден болады, – деді ол бізбен әңгімесінде.

Ғалымдардың айтуынша, күріш көлемін тым қатты азайтып жіберу жердің тұздылығын арттырып алуға әкеледі. Ал тұзданған жер түкке жарамсыз болып қалатыны анық.

– Біз қазір күріш дақылын 50 пайыздық деңгейде ауыспалы егіс тәртібімен ұстап тұруымыз керек. Жердің тұзын күріш егу арқылы ғана шая аламыз. Тұздылық туралы айтып кеттік қой, мысалы, қашыртқы суды қайта көлге асырып, су үнемдеген жағдайдың өзі қауіп. Өйткені онсыз да жердің тұзын шайған суды қайта апарып атызға құйсақ, қанша еңбек заа кетеді. Сондықтан оны арнаның суымен араластыру тәрізді нұсқаларын қолға алған жөн. «Сыр сұлуымен» бірге «Ақмаржанды» да қолға алу керек. Жергілікті жерге тән сорттымыз жоғалу алдында тұр, – дейді Жанұзақ Байманов.

Бүгінде ғалымдар күріш егу бағытындағы көптеген ұсынысын ортаға салып келеді. Мәселен, суды автоматтандыру әдісі шаруаға қолайлы болар еді...

– Қазір сұлуылар күріш алқабының суын тарту, ашу

Басы 1-бетте



жұмыстарында әбгерге түседі. Атыздардың көлемі 2-2,5 гектар. Өзгелер тамшылатып суару тәрізді әдістерді айтып жүр. Әрине, шет мемлекеттерде мұндай әдіс бар. Бірақ біздегі атыздың көлемі мен олардың елді мекендерден шалғай орналасуы су мен электр қуатын апаруға қиындық әкеледі. Оның есесіне, суды автоматтандыру әдісі арқылы кәрізге арналған құбырлармен қарапайым түрде ашып-жабу әдісі бар. Біз оны да ұсынып жүрміз. Күріш егуді шаруаға қиындатпай, осындай онтайлы әдістерін жасау көп мәселені шешеді, – дейді Ж.Байманов.

Биыл диқандар күрішке қажетті қарбамид тынайтқышының табылмағанын, болғанның өзінде қымбатқа түсетінін айтты. Ал оның орнына жергілікті биогумус өнімдерін пайдаланыпты. Нәтижесінде күріш өнімділігі артады деп күтілуде.

Ауылшаруашылық құрылымдарының өкілдері бас қосқан жиында қытайлық компанияның шағын комбайны таныстырылды. Құны 22 миллион теңге тұратын техника атыздың ортасына барған соң қақалды да қалды. Жарнамасы жер жарған осындай шетелдік техникалардың дәстүрлі егін жинауға дәрменсіз екенін алға тартқан шаруалар өзара мұның тиімсіздігін айтты.

– Бұрын-соңды елде мұндай техника болған. Өсіп тұрған күріштің дәнін ыдысына алып қалып, сабағын сол күйінде турап жіберетін. Бірақ күріш сабағымен қоса орылып, оны кепкен соң комбайнмен жеп, қамбаға құрғақ күйінде апарғанға жетпейді. Ал мынадай жағдайдан соң ала жаздайғы еңбегіңіз көгеріп, қызып, өртеніп жатпасына кім кепіл?! Оның үстіне, өнімділігі тым аз. Бір науқанда 196 гектар деген аз ғой. Біздің комбайндар 5 мың гектарлап жұмыс істейді. Ал шағын шаруаға жақсы дегеннің өзінде 22 миллион теңгеге алатын оның шамасы бар ма?! Бұл мәселені жан-жақты қарау керек. Саудагердің сөзіне сеніп, тегін келгендей ала берсе, шаруаның несі қалады, – деген сынды пікірлер айтылды.

Сыр өңірінде күріш тақырыбында айтылар әңгіме көп. Бастысы, балапанды күзде санайтын қазақ «Сыр сұлуының» да, «Ақмаржанның» да өнімділігі мен тиімділігін қамбаға түскен соң тағы да талқыға салмақ.

Дәулет ҚЫРДАН,
Суретке түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



САНАҚТЫҢ ОНЛАЙН КЕЗЕҢІ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

Авторизация электронды цифрлық қолтаңба, SMS-код немесе eGovMobile қосымшасы арқылы жүзеге асады. Ал санақтың офлайн кезеңі 20 қыркүйек пен 20 қазан аралығында жүзеге аспак. Бұл кезеңде арнайы дайындықтан өткен интервьюерлер планшетпен елді мекендерді аралап, онлайн сауалнамаға қатыспаған шаруашылықтар мен жеке адамдардан мәлімет жинайды. Осындай екі кезеңнен қамтылған санақ нәтижесінде барынша толық әрі нақты ақпарат алу көзделген.

Алғашқы нәтижелер

Биылғы жылдың тамыз айының алғашқы күнінен бастап Қызылорда облысы бойынша ұлттық ауыл шаруашылығы санағының онлайн кезеңі басталғаны белгілі. Қазіргі уақытта sanaq.gov.kz порталы арқылы ауыл шаруашылығы, тауар өндірушілері, шаруа қожалықтары мен үй шаруашылықтары сауалнаманы қа-шықтан өз бетінше толтырып, санақтан өтуде.

– Бүгінгі күнге дейін облыс бойынша жоспарланған 11 мыңа жуық респонденттің шамамен 70 пайызы онлайн сауалнамаға қатысып үлгерді. Бағдарламалар қабылдауға негіз болады. Сондай-ақ жиналған ақпарат жеке шаруашылықтарға да пайдалы. Әрбір фермер немесе үй иесі өз саласының нақты жағдайын біліп, қай бағытта даму керекін бағамдай алады. Бұл өз кезегінде ауыл халқының белсенділігін арттырып, ауыл шаруашылығына инвестиция тартуға да мүмкіндік береді. Қорыта айтқанда, ауыл шаруашылығы санағы қоғам үшін стратегиялық мәнге ие. Оның нәтижелері еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтып қана қоймай, ауылдағы өмір сапасын жақсартуға, ауыл шаруашылығын тұрақты дамытуға қызмет етеді.

Басы 1-бетте

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА

Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай Қызылорда қаласында өткізілетін мерекелік іс-шаралардың БАҒДАРЛАМАСЫ

Р/с	Іс-шара атауы	Өтетін уақыты	Өтетін орны
1	«Ата заң – ел тірегі» атты мерекелік концерттік бағдарлама	30 тамыз Сағат 19.00	А. Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйі
2	Тасквондодан кадеттер мен балалар арасында өтетін қалалық біріншілік	24 тамыз Сағат 09:00	«Ерсұлтан» спорт клубы
3	Ұлттық спорт түрі тоғызқұмалақтан өтетін жарыс	25-26 тамыз Сағат 09:00	Зағиптар қоғамы клубы
4	«Ата заң – еліміздің тірегі, тәуелсіздігіміздің тұғыры» атты концерт	27 тамыз Сағат 16.00	М.Ералиева атындағы мәдениет үйі
5	«Ата Заң – елдің айыбын» атты мерекелік концерт	29 тамыз Сағат 19.00	Қараөзек ауылдық округінің клубы
6	«Ата заңым-Алтын қазығым» атты мерекелік салтанатты кеш	29 тамыз Сағат 11.00	Белкөл кентінің клубы
7	«Ата заңым - айбарым» атты театрландырылған қойылым, концерттік бағдарлама	29 тамыз Сағат 11.00	Ақсуат ауылдық округінің мәдениет үйі
8	«Жетілген заң – жаңа заман талабы» атты мерекелік шара	30 тамыз Сағат 19.00	Ақжарма ауылдық округінің мәдениет үйі
9	«Ата заң – тәуелсіз ел тұғыры» атты салтанатты кеш	28 тамыз Сағат 11.00	С.Майқанова атындағы мәдениет үйі
10	«Ата заң – алтын тұғырымыз» атты тақырыптық кеш	28 Тамыз Сағат 11.00	Қосшынырау ауылдық округінің Абай мәдениет үйі
11	«Конституция – кемел келешектің негізі» атты мерекелік концерттік бағдарлама	29 тамыз Сағат 10.00	Қызылжарма ауылдық округінің мәдениет үйі
12	«Ата заң – елдігіміздің еңсесі» атты мерекелік концерт	27 Тамыз Сағат 11.00	Талсуат ауылдық клубы
13	«Конституция – кемел келешектің кепілі!» атты мерекелік концерт	30 тамыз Сағат 11.00	Қарауылтөбе ауылдық клубы
14	«Ата заңым – алтын қазынам» тақырыбында тәуелсіздік залы бойынша әкесурия	26 тамыз Сағат 11.00	Қызылорда қаласының тарихи музейі



Ербол ШУМЕНОВ, Қарауылтөбе ауылдық округі әкімі лауазымына кандидат: ЕЛГЕ ПАЙДАҢ ТИСЕ, БАҚЫТТЫСЫҢ

Әкім болу – елдегі еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін пана болу. Ақыл сұрағанға ақыл-кенесінді айтып, дұрыс бағыт-бағдар беру. «Елді өрге сүйрегім келеді» деп алдына айқын мақсат қойған кандидаттың бірі Ербол Шуменовпен сұхбаттасқан едік.

– Ербол Пранұлы, әрбір кандидат өзініше өзгеріспен келгісі келеді. Сіздің бұл қаламда қандай бастаманыз бар?
– Әрине, барлық бастама қаражатқа келіп тіреледі. Ауылдың бюджеті шектеулі екенін түсінемін. Сондықтан қосымша қаржыландыру арқылы ауылды көркейтуге атсалысамын. Ел үшін жасаған еңбекте мынау ана сала, анау мына сала деген болмайды. Барлығымыз бір терінің пішпағын илеп жүріміз. Сол себепті ауылдық округтегі әлеуметтік, білім, денсаулық сақтау, мәдениет салаларының және әлеуметтік өмірдің сапасын артыруға бағытталған жұмысты мемлекеттік органдар мен халықты жұмылдыра отырып атқарамын. Барлығымыз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығармасaq, істің бәрі бекер. Абай атамыз «Біріді қазақ, бірін дос, көрмесен істің бәрі бос» деп айтып кеткен емес пе?! Мендегі басты ұстаным осы. Сауақты біріктіріп, иені ілкітірсем деймін.
– Оныңыз өте орынды екен. Кеше ғана ауылда қытайлық компаниялардың ауылшаруашылық техникаларын таныстырды. Осы бағытта айта өтсек, Қарауылтөбедегі ауылшаруашылық құрылымдарына байланысты қандай ойыңыз бар?
– Ауылдық округтің экономикалық әлеуетін көтеруде бұл сала маңызды рөл атқарады. Ауыл болғаннан кейін елде егін саласы болады. Егін және мал шаруашылығы саласын дамыту үшін қолға алынған әрбір бастаманы жаңдандырып келеді. Ауылдың негізгі күшкөрісі гөй. Кеше ғана ауылға қытайлық компаниялар келіп, өздерінің ауылшаруашылық техникаларын таныстырды. Бұл – ауыл халқына көп мүмкіндік. Компания өкілдері өздері келіп, таныстырып жүр. Уақыт жоғалтып, еңу-еңку жер шалмаса да болады. Дегенмен сырттан келгеннің бәрі жақсы бола бермейді, сарапал, сараптан, жеті рет өлшеп, бір рет кесіп, халықпен ақылдасып, кеңесіп барып шешілетін нәрсе көп. Мемлекеттік бағдарламалардың әрбірін ел игілігіне қызмет

етіп, жұртшылықтың жұмысын жеңілдететін, елдің қалтасын қақпайтын, керісінше қолын аузына жеткізіп, аузына ақ тигізетін бастамалармен халыққа қарасам деймін.
– Халыққа қарасудың бір түрі – жұмыссыздықпен күрессу. Бұл ретте не айтар едіңіз?
– Абай айтқан бес дұшпанныан аулақ болып, бес асыл істі жанымызға серік етсек, кез келген мақсатқа қол жетіп, армандар орындалады. Бастысы, ниет екенін ұмытпауымыз керек. Бұл заманда екі қолға бір күрек табылады. Бұл қатарда жұмыс таңдайтын қасиетіміз бар. Ол маған ұнамайды дейтіндер де табылады. Қай салада еңбек етсең де, елге пайдаң тисе, сенен бақытты жан жоқ. Тіпті қызметтің қай сатысы болса да. Қарапайым жұмысшы болып жүріп те туған елдің көркеюіне үлес қоса аласың. Біздің санамызда осы сілкініс болғаны жөн. Мен жұмыссыздықпен күрессе жүріп, елдегі әрбір бос орында өзінің жұмысын білетін, нағыз мықты мамандар отыруына атсалысамын. Ауылды көтеру үшін бізге мықты, білімді жастар керек. Ауылды түлету үшін, бойына қан жүгірту үшін жастарды ауылға тартатын әрбір бағдарламаның қарқынды жүргізілуіне күш саламын. Осылайша жаңа жұмыс орындарын құру, еңбекке қабілетті халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамытуға белсенді жәрдемдесемін. Мұның әрбіріннің артында елдің аузын аққа тигізетін асыл мұрат тұр.
– Қазір облыс орталығынан бастап, елді мекендердің әрбірінде тазалық бірінші орында тұрады. Қарауылтөбенің де жайқалып, жанарып тұрғанын көріп, қуанып тұрмыз...
– Иә, біздің ауыл қайнаған қызу тірліктің мекені. Маңдайында бағы болған бес елі... Туған ауылымыздағы әрбір күн біздің есімізден кетпейтіндей болуы үшін, айналамыздың жайқалып, бақ болуы үшін аянбай еңбектеніп келеміз. Елді бірлікке шақырып, сол бірліктің арғы жағында тындырымды тірлік болып жатыр. Алдағы уақытта да осы үрдіс жалғасып жатса, қандай тамаша! Ауылдың тазалығын, абаттандыру мен көгалдандыру жұмысын, ауыл жолдарын уақытылы және сапалы жөндеуді, көшелердің жарықтандыру жұмысының жалғаса түсуін қамтамасыз еткім келеді.
– Оңіз мәдениет саласында болғандықтан, бұл салаға да жігі мән беретін боларсыз...
– Әрине, халықтың мәдени шараларға көптеп қатысуын қамтамасыз ету, жастардың бос уақытын тиімді өткізу үшін

мәдени іс-шараларды ұйымдастыру, тұрғындар және жастар арасындағы бұқаралық спортты дамыту – ойдағы іс, нық жоспардағы бағыт. Мәдени іс-шаралардың көп болғаны жақсы. Халықтың ойы бөлінеді, көңілі көтеріледі. Бұл бағытта том-том жоспарымыз бар.
– Бұқаралық спорт туралы айтып қалдыңыз...
– Бұқаралық спорт – барлық спорттың іргетасы. Үйдің іргетасы қаншалықты нық болса, қабырғасы да мықты болады. Бұл да дәл солай. Кез келген спорт түріне бейім баланың қабілеті осы бұқаралық спортқа көрінеді. Біздің небір мықты, талантты чемпиондарымыз осы бұқаралық спорт арқылы танылған. Міне, көрдіңіз бе, біз балаларды спортқа баулимыз, дамытамыз, тіпті қажет десеңіз, чемпион шығарамыз. Ал түпкі мақсатымыз салауатты өмір салтын қалыптастыру екенін білесіз. Денені шынықтыру әрбірміздің күнделікті әдетіміз болуы керек.
– Құқық тақырыбына келсек... Ауыл тыныш па?
– Ауыл – қазақтың қарашаңырағы. Ауыл – біздің өміріміздің, ұлттық салт-санамыздың темірқазығы. Қазақтың мамыражай өмірі мен дархан көңілі осы ауылда сақталған. Қазақы қалпын сағынған әрбір жан күнделікті күйбең тірлікке қолын бір сілтеп, ауылдың жұпар аңқыған даласына аңсары ауып тұрады. Сондай бір сағыныштың сазындай біздің ауыл, әрине, тыныш, әрі ыстық. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, тұрғындардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруда атқарар ауқымды істеріміз бар. Бірақ тентектікпен атымыз шыққан жоқ. Берекесі мен бірлігі, әрекеті мен тірлігі үйлескен ауылмыз.
– Сіздіңше, ауыл әкімі кім?
– Ауыл әкімі – ауылды дамытудағы негізгі қозғаушы күш. Мен мұны сайлауалды бағдарламамда да айтып жүрмін. Ол – халықпен бетпе-бет кездесіп, жергілікті мәселелерді шешуші тұлға. Ауыл әкімдерінің жұмысы ауылдық аймақтардың әлеуметтік және экономикалық әл-ауқатын көтеру, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру және тұрғындармен тығыз байланыс орнату арқылы көрінеді. Міне, мен сол себепті де мемлекеттік бағдарламалар арқылы өзім айтқандай мәселелерді реттеуге күш саламын. Бұл менің ел алдындағы да, кіндік қаным тамған туған жерімнің алдындағы да парызым екені айкын.
– Сұхбатыңызға рахмет.

Өңімделескен Дәулет ҚЫРДАН
Суретке түсірген Нұрбол Нұржаубай
Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді.

Көптен күткен қуаныш

Қызылөзек ауылдық округіне қарасты Қараөзек ауылының келбеті күн сайын көркейе түсуде. Біраз көшелерге асфальт төселіп, жарық шамдар орнатылған. Әлі де ұзындығы 3,2 шақырым болатын жол құрылысының жұмысы жалғасуда. Округке қарасты үш елді мекеннің жарық желілері жанартылыпты. Ауыл тұрғындарының арасында кәсіпкерлік те кең өріс алып келеді. Ауылдан шыққан еңбек ардагерлерінің суреттері ілініп, астына есімдері жазылған билбордтар ауылға кіреберіс жолдың бойында «сап түзең» ауылдың сәнін келтіріп тұр.



Ал көпір жайлы айтар болсақ, атам қазақта көпір киелі атау болып саналады. Дария мен өзен және каналға салынған көпір екі жақ жағалауды тіршілік нөрімен жалғайтын өмірге өте қажетті өткел. Ол сонысымен де киелі.
Қараөзек ауылына кіреберістері «Жана арық» каналының үстіне салынған ғасырға жуық тарихы бар «Қожақ» көпірі туралы қысқаша тоқтала кетейік. Біріншіден, «Жана арық» каналының сағасы Талықөлден бастау алады. Кезінде «Жана арық» ұжымшарының аты осы каналдың атымен аталған. Бұл канал әлі күнге дейін халық игілігіне жарап келеді.
Әу баста колхоз құрылғаннан бастап халық тұрғысты егін шаруашылығымен айналыса бастады. Бидай, арпа, сұлы, тары екті. Дайын өнімді қырманнан ауылдағы қоймаға өгіз арбамен тасыған. Сол қоймадан Қараөзек бекетіндегі вагонға арбамен жеткізу керек болды. Сол кезде колхоздың белсенді мүшесі Қожақ Оразымбетұлы деген кісінің басшылығымен көпір салынған. Алғашында жүк тиелген арбаны көтеретіндей етіп ғана салынған еді. Кейін ауылдан 7-8 шақырым әріден республикалық жүйке аурулары ауруханасы салынды. Соған байланысты ауыр салмақты көтеретіндей етіп көпірді жөндеді. «Бір өзі комбинаттың жарты қала» деп аталған «ЦКК» картон шығаратын комбинаттың құрылысы

1960 жылы басталған. Қағаз, картон қамыстан жасалады екен. Ол қамысты Қараөзек ауылынан 30-40 шақырым жердегі «Қарарық» аудар жүк машиналарымен таситын болды. Сол кезде аса ауыр салмақты көтеретін көпір қажет болғандықтан «Қожақ» көпірі сол жылы күрделі жөндеуден өткен. Осы жөндеу мемлекет қаржысымен атқарылған. Ал бұрынғы жөндеу жұмыстары жергілікті халықтың ұйымшылдығымен іске асқан еді.
«Қожақ» көпірін қайта жөндеу жұмыстары биыл сәуір айында басталған еді. Мердігер мекеме – «N Строй Сервис» ЖШС жұмысты сапалы жүргізіп жатыр. Жуырда көпір пайдалануға берілмек.
Көпір сөзі кей жерде астарлы атау ретінде қолданылады. Мысалы, елшілік қызмет екі мемлекет арасындағы алтын көпір болса, журналист қауымы билік пен халық арасындағы алтын көпір болып саналады.
Лайым, көпіріміз көбейіп, көнермесін!

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ,
ардагер

Біз сенім артамыз

Туған жерге қызметті мойынға міндет еткен әрбір азамат мақтауға тұрарлық. Ербол Пранұлы осындай жан. Еңбек жолын 2005 жылы қоғамдық жұмыстан бастады. Көз алдымызда өсті. Әрбір бастаған ісі нәтижелі.
Ербол осы күні ауылдың мәдениет саласын алға сүйреп, өзінің іскерлігін танытып жүр. Алдағы уақытта ол тек мәдениетті ғана емес, қоғамның барлық саласында өзін көрсететініне сенеміз. Білімі де, тәжірибесі де жеткілікті. Елді өрге сүйер азаматтардың елге қызмет жасағанын қолдаймыз.
Ол – көпбалалы отбасының перзенті, он ағайынды. Елге үлгілі отбасынан шыққан азаматтың адалдықтың ақ туын құлатпай, жоғары ұстары анық. Біз оған сенім артамыз.

Айсұлу ӨТЕГЕНОВА,
ауыл тұрғыны
Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді.

Тасбөгет: апатты үйлер азайды ма?



– Өткен жылы кент тұрғындары мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қолдау, дамыту бағытындағы мемлекеттік бағдарламаға қатысып, 29 тұрғын жоба қорғап, 72,7 млн теңге көлеміндегі қаржыға қол жеткізді. Кәсіп иелеріне «2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба», «Қызылорда» өңірлік инвестиция орталығының микрокредиттері, «Ауыл аманаты» жобасы аясындағы микрокредиттер, 400 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі қайтарымсыз гранттар қолдау болды. Кентте инфрақұрылымды дамыту бағытында мемлекеттік бюджет, демеуші көзі және инвестиция есебінен жаңа бейітті қоршау және тегістеу жұмыстары жүзеге асты.
Тасбөгеттегі 95 көпқабатты үйдің 25-і апатты деп танылған. Өткен жылы Наурыз және Тасарық шағын аудандарында 10 үйдің шатыры жөнделді. Оған қалалық бюджеттен 68 млн теңге бөлінді. Биыл да кенттегі көпқабатты 16 тұрғын үйдің шатырына жөндеуге қалалық бюджеттен 104,5 млн теңге қаралып, жұмыс аяқталуға жақын, – дейді кент әкімі.
Кентте тұрғын үй саны өскен сайын жылу құбырын жаңарту күн тәртібінде тұрған еді. Биыл тұрғындардың назарындағы бұл мәселе шешімін тауып, құны 1,2 млрд теңгені құрайтын ұзындығы 2,7 шақырым жылу құбыры тартылуда. Қазан айында жұмыс аяқталып, ел игілігіне берілмек.

Тасбөгеттіктерді жиі алаңдататын мәселе қол болса, оны жөндеуге 15 млн теңге бөлініп, көшелер ішінара жөнделген. Сонымен қатар қоғамдық көлік жиі қатынайтын Мұстафа Шоқай көшесінің 790 метрін, Абай Құнанбайұлы көшесінің 620 метрін, Сапарбек Олжабайұлы көшесінің 1000 метрін, Қалқабай Әбенов көшесінің 2700 метрін орташа жөндеуге жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, облыстық бюджетке өтінім берілген.
Кент аумағын абаттандыру және арық жүйелерін тазалау, аяқсумен қамтамасыз ету күн тәртібінде тұрсаң емес. Қалалық бюджеттен тиісті қаржы бөлініп, кентті жасыл желекке бөлеу мен тазалық жұмысын мердігер мекеме атқарады.
Самаладай жарық көшелер айналаға көрік берумен қатар тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Осы ретте З.Мәмбетов, С.Сейфуллин, Н.Өткелбаев, Ә.Жангелдин, А.Жанкин, Ж.Әбілқасымов көшелеріне және үнемделген қаржы есебінен М.Абдраманов, Ж.Дүйсенов, С.Өтеуов және Т.Батыршаев көшелеріне жарық орнатылып, шет аймақтың жарық мәселесі шешімін тапқаны да тұрғындарды қуантып отыр.
Көше бойындағы жаяу жүргіншілер мен көліктің жүріп-тұруына, электр желісі мен жол ережесі белгісіне қураған ағаштар кедергі келтіретін. Бұл мәселе де оң шешімін тапты.
– Сабалақ саяжайындағы тұрғындардың көптен бері көтеріп келген «көгілдір отын» жайы аймақ басшысының қолдауымен жүзеге асып, оған 3 кезеңнен тұратын жоба дайындалды. Бүгінде саяжайдың ішкі бөлігіне газ желісі тартылуда. Сабалақты ауызсумен қамтуға облыстық бюджеттен 188,7 млн теңге және қалалық бюджеттен 200,3 млн теңге бөлінді. Жобаны «Авангард ПГС» ЖШС жүргізуде, – дейді кент әкімі.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

■ МАМАН КЕҢЕСІ

Сарыптан сақтан!

Қызылорда облысында 2024 жылы жедел сарып ауруымен 20 науқас тіркелген.
Сарып (бруцеллез) – жануарлар мен адамдардың зоонозды инфекциялық ауруы. Бұл малдан жұғатын, адам денесінің буын, жүйке, жыныс мүшелерінің зақымдануына әкеліп соғатын, аса қауіпті жұқпалы ауру. Ауру көзі – ауылшаруашылық малдары. Әсіресе адамдар үшін қой-ешкі бруцеллезі өте қауіпті. Бруцелла бактериясы табиғи ортаға өте төзімді, топырақта, қида, жемде, суда 4 айға дейін өмір сүріп, өзінің ауру қоздырғыштық қасиетін толықтай сақтай алады, тек қана жоғарғы температураға төзімсіз. Адамдар бруцеллезбен ауру малдарды күткенде, жемдегенде, мал қораларын тазалағанда шаң-тозаң арқылы тыныс жолдарымен, тері арқылы, әсіресе қолдағы уақ жарықтармен, ерін, көз кілегей қабықтарына түскен бактериялар арқылы ауруды жұқтырады. Бруцеллез қоздырғыштары қоршаған ортаға ауру малдың сүті, дәретімен бөлінетіндіктен, малдың жүнін қырыққанда, сондай-ақ сүтін шикілей пайдаланған кезде жұғуы мүмкін. Бруцелла вирусы суда 2 ай, етте 3 ай, тұздалған етте 30 күн, жүнде 4 ай, шикі сүтте 40 күн, брынза, сүзбе, қаймақта 2 ай сақталады. Бруцеллалар 60 градуста қыздырғанда 30 минутта, қайнатқанда бірнеше минутта өледі. Бруцеллез ауруының жасырын кезеңі 2 аптадан бірнеше айға дейін созылып, науқаста қалтырау, көп терлеу, қажып-шаршау, әлсіздену, сүйек-буын және бұлшық еттің ауруы байқалады.

Сақтану жолдары

Бруцеллез адамнан адамға жұқпалы, тек малдан жұғатын болғандықтан, жеке бас гигиенасын сақтау

ережелеріне мән берген жөн. Сондай-ақ әрбір мал қожайындары өз малының есебін дұрыс беріп, бруцеллезге тексертуі, анықталған жағдайда барлық ветеринариялық-санитариялық ережелерді орындауы қажет. Барлық ауыл шаруашылық малдарына тән бруцеллездің негізгі белгілері: түсік тастау, өлі төлдеу. Ауру малды өзге малдан бөлектеп, іші тастаған малдың төлін, шуын арнайы құралдармен немесе айырма, күрекпен алып, мал төлдеген жердің сабан-шөбін топырағымен қоса алып, қорадан аулақ жерге апарып, иттер қазып алмайтындай етіп, 1-1,5 метрдей тереңдікте көміп тастау керек. Сатып алған, сатуға шығарған малдың, еттің, сүттің саудасы малдың денсаулығы туралы мал дәрігерінің анықтамасы бойынша жүргізілуі тиіс.
Төл алу науқаны, төлдеп жатқан малға көмек көрсеткен уақытта қолда резеңке қолғап, клеенкадан жең қап, алқапқыш, аяқта етік болғаны жөн. Қолын жиі сабынмен жуып, жұмыс киімімен және аяқ киімімен үйге кірмеуі қажет. Төлдеп жатқан малға балаларды араластыруға болмайды, олар үлкен адамдарға қарағанда ауруды өте тез қабылдайды.
Қорыта айтқанда, «сақтансаң, сақтаймын дегендей» дер уақытында ветеринар мамандар тарапынан тиісті ветеринариялық іс шараларын атқарылып, мал иелері тарапынан өз міндеттерін жауапкершілікпен орындаған жағдайда бруцеллезді жеңуге болады.

А.ҚҰНАНБАЙҚЫЗЫ,
Қызылорда обаға қарсы күрес
станциясының дәрігері

«Қарамай дауылға да жауынға да» немесе жасыл қала жасау бейнесі

Қызылорданың табиғаты бәрімізге мәлім. Топырақтың тұздылығы, су тапшылығы – өзекті мәселелердің бірі. Соған қарамастан, жыл сайын 15 мың түп ағаш отырғызу, 500 мыңнан астам гүл егу, 10 гектардан астам аумаққа көгал төсеу жоспарланыпты. Бұл қала келбетін көркейтіп қана қоймай, экологияға оң әсерін тигізуде. Ең маңыздысы, жасыл желектерге компания кепілдік береді. Құрап қалған жағдайда, оның орнына компания есебінен жанасы отырғызылады. Сонымен қатар жасыл желектерді күтудің заманауи әдісі – автоматты суару жүйесі іске қосылуда. Бұл жүйе арқылы жыл сайын 40 шақырымнан астам құбыр жүргізіліп, сууды үнемдеп пайдалану көзделген.
Агроном Нұрмахан Жұмағұловтың айтуынша, Қызылорданың климаты жасыл желек өсіруге қолайлы емес. Алайда мамандар тынайтқыштар қолданып, топырақты қосыпты, арнайы дәрілер арқылы зиянкестермен күрес жүргізудің нәтижесінде мәселенің шешімін тауып отыр.
– Қаланы көгалдандыру – басты міндетіміз. Жыл басынан бері 20 мыңнан аса ағаш отырғызылды. Қазір қысқы маусымға дайындық жүріп жатыр. Ағаштарға тынайтқыштар беріліп, топырақ қайта қоспытылуда. Қайта жаңғыртудан өткен «Президент саябағындағы» ағаштарға құрылыс кезінде зиян тимеу үшін Бейбарыс Сұлтан көшесіне көшірілді. Қазіргі таңда 250-ге жуық жұмысшы тынбай еңбек етуде. Басты мақсат – Қызылорданы жасыл қалаға айналдыру, – дейді агроном Нұрмахан Жұмағұлов.
Жасыл желек қалаға сән беріп қана қоймай, кей жағдайда қауіп тудыруы да мүмкін. Соңғы жылдары тұрғындар тарапынан электр сымдарына тиіп тұрған немесе құлау қаупі бар ағаштарды кесу жөнінде көптеген өтініш түскен. Бұл ретте арнайы бригадалар тұрғындардың қауіпсіздігі үшін жұмыс істейді.
– Бір күнде кем дегенде 5-6 өтініш түседі. Тұрғындардың қауіпсіздігі үшін тынбай жұмыс істейміз. Сондай-ақ ағаштарды кесу барысында барлық қауіпсіздік шаралары сақталған. Мәселен, арнайы бас киім, қолғап, көзілдірік, қорғаныш киімі кию – басты талап. Бұл ышымдылық пен тиянақтылықты қажет ететін жұмыс. Ең бастысы, тұрғындардың қауіпсіздігі, – дейді тал кесуші Бағдат Арыстанұлы.
Көгалдандыру тек ағаш отырғызумен шектелмейді. Қала көшелері де гүлдермен көмкеріледі. Мәселен, Назарбаев көшесінің бойына жылына 200 мыңнан астам гүл отырғызу жоспарланған.
– Басты мақсат – Қызылорда тұрғындары үшін жайлы әрі экологиялық

Басы 1-бетте



таза орта қалыптастыру. Қаланы жасыл желекке орған қалаға айналып келеді. Бұл тек әкімдік пен мердігер мекемелердің еңбегі емес, қала тұрғындарының да ортақ ісі. Әрбір тұрғын өз ауласын көгалдандырып, ағаш отырғызуға үлес қоса білсе, Сырдың бас шаптары болашақта нағыз экологиялық таза әрі жайлы қалаға айналарын анық.

Айдана БАХТИЯР

Осы аптада №290 «Келешек мектебінде» ашық есік күні өтті. Ашық есік күніне ата-аналар мен БАҚ өкілдері қатысып, заманауи білім ордасының жұмысымен танысты. Мектептің заманауи инфрақұрылымы, информатика және робототехника кабинеттері, STEM-зертхана, шеберханалар мен шығармашылық сыныптары таныстырылып, оқушылардың жан-жақты дамуына жасалған мүмкіндіктер алаңы қызықтырды.

«Келешек мектебі» заман талабына сай



«Келешек мектебі» 0-сыныптан бастап 11-сыныпқа дейінгі балаларға сапалы білім беруге бағытталған. Ғимарат мүмкіндігі шектеулі жандарға да қолайлы жағдай жасауды ұмыт қалдырмаған. Мәселен, пандус, лифт, тактильді бағыттағыштар, жарық жүйесі, сахнаға арналған құрал-жабдықтар бәрі толық қамтылған.

Ашық есік күнінде ата-аналар мен оқушылар мектептің ішкі инфрақұрылымымен танысты. Мұнда цифрлық сауаттылық пен робототехника кабинеттері, ағаш және металл өңдеу, тігін және аспаздық шеберханалары, бейнелеу өнері, графика және жобалау кабинеттері, STEM-зертхана сынды арнайы сыныптар бар. Мектеп балаларға тек білім ғана емес, кәсіби бағдар беретін орталық екенін байқауға болады.

– «Келешек мектебі» инженерлік бағытта жұмыс істейді. Оқушылардың қабілетін дамытуға арналған 8 түрлі бағыт қарастырылған. Биотехнология, нанотехнология, микроэлектроника секілді ғылым салаларымен қоса, шығармашылық бағыттағы балаларға да мүмкіндік бар. Қолөнерге қызығушылығы бар оқушылар үшін тігін шеберханалары арнайы жасақталған. Біздің басты ерекшелігіміз – балаларды ерте жастан мамандыққа бейімдеу. Бұл – келешекке жол ашатын кәсіби бағдар, – дейді мектеп директоры Мәлдір Смаханова. Қазіргі таңда мектеп екі ауысымда жұмыс істейді. Сұраныстың жоғары болуы да заңдылық. Себебі сол жағалау тұрғындары балаларын алысқа жібермей, жақын маңнан сапалы білім алуға ұмтылуда. Мұнда қауіпсіздік те, тиімділік те қарастырылған. Оқушылар сабақтан бөлек, үйірмелерге қатысып, бос уақытын пайдалы өткізеді.



– Жаңа мектептің ашылғанын естіп қуанып қалдық. Балаға да, ұстазға да барлық жағдай жасалған. Жаңадан жабдықталған кабинеттер көз қуантады, – дейді қала тұрғыны Алма Махамбетова.

Бүгінде «Келешек мектебінің» жетістіктері де аз емес. 60-тан аса шәкірт қалалық және республикалық жарыстарда топ жарып, жүлделі орындарға ие болған. Тіпті Қытайда өткен халықаралық байқаудан жеңімпаз атанып келген оқушылар бар.

Айдана БАХТИЯР

Мәлдір Смаханова, №290 «Келешек мектебінің» директоры:

БІЗ КЕЛЕШЕКТЕ ЕЛІМІЗГЕ ПАЙДА ӘКЕЛЕТІН ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУІМІЗ ҚАЖЕТ

«Мектеп – білім мен тәлім-тәрбиенің киелі ордасы. Өскелең ұрпақты білімпаздыққа баулу қаншалықты маңызды болса, оларға дұрыс жол көрсету, бағдар беру де соншалықты маңызды. Біз жастардың адал әрі еңбекқор болып өсуіне ерекше мән беруіміз қажет. Ұл-қыздарымыз жақсы мен жаманның ақ пен қараның арасын ажырата білуі керек» – деді Президент.

«Келешек мектебі» – арманға бастар жол

– «Келешек мектебінің» басты мақсаты қандай? Басқа білім ордаларынан ерекшелігі неде? Білім беру бағдарламасында қандай инновациялық әдістер қолданылады?

– «Келешек мектебінің» басты мақсаты – оқушыларға кең және жарық қолайлы оқу кеңістігін құру. Бұл мектептер заманауи, сәулетті ғимаратпен бірге оқушының қабілетін, еркін ойлауын және қауіпсіз ортада тәрбиеленуіне жол ашатын білім кеңістігі. «Келешек мектебі» толық экономикалық талаптарға сай жабдықталған, инфрақұрылымы соңғы үлгіде жасалған. Қазіргі таңда инженерлік бағытта жұмыс істеп жатырмыз. Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік мол. Мұнда оқушылар үшін барлық жағдай жасалған. Оқушылар талапқа сай ортада оқи алса, екіншіден, инклюзивті орта барлығына бірдей тең білім беруді қамтып отыр. Мектебімізде дарынды, ерекше білім алуды қажет ететін бала да оқи алады. Бұл олардың сапалы білім алуына жол ашып отыр. Мұнда ұстаздардың кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдірудің барлық мүмкіндігі ескерілген.



Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы осы тұста бізге басқару тетіктері тұрғысынан да, әдістемелік бағытта да үлкен қолдау көрсетуде. Біздің келешекке бағытталған мектеп бұл тек жайлы болумен шектелмеуі керек. Біз келешекте елімізге пайда әкелетін ұрпақ тәрбиелеуіміз қажет.

– Бүгінгі балаларды «Альфа ұрпақ» деп атаймыз. Балалармен жұмыс істеу барысында қандай ерекшеліктер байқалады? Олардың тілін табу қиын емес пе?

– Рас, «Альфа ұрпақ» саналатын буында клиптік қабілет дамыған. Яғни, балалар қысқа видеоларға әуес. Олар гиперактивті болып келеді. Оқушыларға сабақты қызықты етіп өтуге тырысамыз. Мұғалімдер сабақтарда «төңкерілген сынып» әдісін қолданады. «Келешек мектептерінің» әр сыныбында touch-экрандар бар. Бұл бізге альфа ұрпақтарын оқыту барысында оларға әр материалды визуалды түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Қазір жасанды интеллектті оқыту құралы ретінде үнемі қолданады. Яғни осы экрандарда арнайы бағдарламалар бар. Ол әр өткен сабақты визуалды көрсетуге көмектеседі. Альфа ұрпақты біліммен қамту үшін соңғы инновациялық шешімдер мен жасанды интеллектті пайдаланып оқытамыз. Бұл бізге сапалы білім беруге көмектеседі. Мұндай инновациялық білім алу оқушыларға ғылыми зерттеу жасауға және саналы түрде мамандық таңдауға көмегін тигізеді. Айта кететін жайт, біз 2-ші сыныптан бастап ерте кәсіби бағдар беру жұмысын енгіздік. Оқушыларға физика пәні және бастауыш сынып мұғалімдері бірігіп, кіріктірілген сабақ өтуде. Бұл балалардың ерте жастан ғылыммен айналысуына зор мүмкіндік. Тәрбие жағына келетін болсақ, «альфа ұрпақты» «Біртұтас бағдарлама» аясында тәрбиелеудеміз. Яғни, нақты жүйе қалыптасып, мектептің тәрбие бөлімінің де жұмыс жоспарына сәйкес, күнделікті ұйымдастырылатын шаралар оқушылардың шабытын ашуда. Мектебімізде «Самғау» театры, вокальды инструменталды ансамбль, «Домбыра» үйірмесі бар. Сонымен қатар білім үйірмелері жұмыс істейді. Үйірмелер – оқушылардың білім алу барысында оққылықтарын жоюға, инженерлік бағыттағы ғылыми

Басы 1-бетте

зерттеу жұмыстарымен айналысуға мүмкіндік береді. «Келешек мектебінде» оқитын әр оқушы сапалы білім алады. Бос уақытында міндетті түрде үйірмеге қатысады. Спорттық үйірмелер бар. Қазіргі уақытта оқушылар ұлттық лига жарыстарына дайындалуда.

Бала тәрбиесі – мұғалім мен ата-ананың ортақ жауапкершілігі

– Технократтар заманында үздіксіз дамумен бірге адамдардың мінез-құлқы, психологиясы да күн сайын өзгеріп жатыр. Бала тәрбиесіне көбіне кім жауапты? Мектеп мұғаліміне барлық жауапкершілікті артып қойған жоқпыз ба?

– Мемлекет басшысы Тамыз кеңесінде сөйлеген сөзінде «Отбасы – мектеп – мемлекет үштігі үйлесімді болса, жақсы нәтижеге жетуге болады» деді. Бүгінгі таңда баланың тәрбиесі дұрыс болуы үшін бірлесіп жұмыс істеу маңызды. Оқушы, ұстаз, ата-ана бала тәрбиесіне жауапты болғандықтан бірлесіп жұмыс істеу арқылы жетістікке жетеміз. Мектеп тарапынан күнделікті профилактикалық жұмыстар, түрлі іс-шара өткіземіз. Ата-ана мен оқушы арасында байқау ұйымдастырылады. Сондай-ақ кітап оқу жүйесі қалыптасқан. Қазіргі уақытта ата-аналар мектеппен етене араласуда. Бұл үрдіс баланы ортақ тәрбиелеуге алып келеді. Мұғалім бала мектеп қабырғасында жүргенде тәрбиелеуші-жетелеуші болады. Шындығына келгенде, үштік одақ болып ата-анамен бірге тәрбиелеу ең дұрыс үрдіс. Өткен жылдан бастап еліміздің барлық мектептерінде енгізіліп жатқан «Адал азамат» біртұтас

тәрбие бағдарламасы осы мақсатта қызмет етеді. Бала тәрбиесі – мұғалім мен ата-ананың ортақ жауапкершілігі.

– Мұғалімдерді іріктеуде қандай талаптар қойылады?


– «Келешек мектептерінде» мұғалімдер конкурс арқылы іріктеледі. Жалпы, барлық мектепке мұғалім конкурспен қабылданады.

– Мұғалім баламен қалай жұмыс істеу керек?

– Біздің мектебізде «Мейірімді директор», «Мейірімді мұғалім» жобасы жүзеге асуда. Мұғалімдер оқушыларға ең алдымен мейірімділік көрсетеді. Егер әрбір оқушы өзін сол мектепке қажетті екенін сезінсе, ізденуден шаршамайды. Мәселен, бізге басқа мектептен ауысып келген бір оқушы бұған дейін мектептегі іс-шараларға қатыспаған екен. Біз оның қабілетін ашуға тырыстық, мүмкіндік бердік. Нәтижесінде түрлі іс-шараларға қатыса бастады. Соның әсерінен жылдың қорытындысында 4 медаль иеленді. Ата-анасы бізге алғысын айтты. Әрбір ұстаз әр оқушының қабілетін аша білу керек. Біздің мектептегі мұғалімдер осы бағытта жұмыс істейді. Әр баланың деңгейіне қарай, оларға қажетті ақпаратты беріп, дұрыс бағдар беру нәтижесінде оқушылар үлкен жетістіктер көрсетуде. Былтырғы оқу жылында жетістіктер аз болмады. Оқушыларымыз Қытайдың Макао қаласында өткен халықаралық робототехника чемпионатында жеті бірдей жүлдеге ие болды. Сонымен қатар облыс, қала арасында өткен байқаулардан жеңіс тұғырынан көрініп жүр. Бұл мұғалім мен оқушының арасындағы тығыз байланыстың және ұстаздың шәкірт қабілетін аша білуінің оң нәтижесі. Әр оқушы – қайталанбас тұлға. Өз дарыны мен дамуына лайық жеке әлем.

Жасанды интеллект жаңа мүмкіндіктер ұсынады

– Қазіргі уақытта балалардың көбісі қосымша сабаққа барады. Кей мұғалімдер ата-анаға баланың үлгерімі нашар екенін айтып, қосымша білім алуға ұсыныс жасайды. Оқушының мектептен кейін ақылы қосымша сабаққа баруы мұғалім жауапкершілігін жеңілдетіп жібермей ме?



– Біздің мектепте оқушылар ешқандай қосымша сабақтарға бармайды. Мұғалім баланың білімінен олқылықтар көрген жағдайда сол оқушының кемшін тұсын түзеу үшін жоспар дайындап, баламен жұмыс істейді. Баланың барлығына теңдей білім беруді қамтамасыз етіп отырмыз. Ал үйірме жұмыстары оқушылардың қосымша қабілетін ашуға, олардың шығармашылықпен айналысуына көмектеседі. Білім үйірмелері балалардың ғылыми-зерттеу жасауға және ерте кәсіби бағдар алып, болашақта саналы түрде мамандығын таңдауға оң септігін тигізеді.

– Ата-аналармен байланыс қалай?

– Мектебімізде ата-аналармен қарым-қатынас өте жақсы. Оқушылар өткізетін концерттерге үнемі шақырамыз. Ата-ана баласының шығармашылық деңгейін көріп отырса, әрі қарай оның өнерін дамытуға қолдау білдіреді. Айта кетерлігі, біздің мектепте әкелер белсенді. Мектебізде «Әкелер кеңесі», «Әжелер кеңесі», «Аналар кеңесі» құрылған. Әжелер балалардың жасау жолын үйретеді. Осы ретте ата-аналарға алғысымды білдіремін. Жиналыстарға тұрақты қатысады. Ата-анамен бірлесіп жұмыс істеу нәтижесінде біз де ашықтық, кері байланыс жақсы қалыптасқан.

– Жаңа оқу жылында мектеп бағдарламасында қандай өзгерістер болады?

– «Келешек мектептерінің» негізгі миссиясы – барлық балаға бірдей дәрежеде заманауи білім беру, сол арқылы орта білім деңгейін өсіру, яғни PISA көрсеткіштерін барынша жақсарту. Біз осы мақсатта жоспарларды алға қойдық. Оның ішінде жасанды интеллектті оқу құралы ретінде енгізу. Сонымен қатар оқушылар нанотехнология, биотехнология салаларында зерттеулер жүргізеді. Бұл – олардың ерте кәсіби бағдар алуына және ғылымға ерте жастан қызығушылығын арттыруға жол ашады. Ғылыми техникалық өзгерістерден қалмай, жасанды интеллекттің дамуына ілесіп жұмыс істеу – бүгінгі күннің талабы.

Мұғалімнің тамшыдай үлесі оқушыны
үлкен жетістікке жеткізеді

– Өзіңіз туралы айтсаңыз? Мектеп директорылығына дейін қандай баспалдақтан өттіңіз?

– Еңбек жолымды Қызылорда қаласындағы 3 тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныбы бар «Мұрагер» мектебінде информатика пәнінің мұғалімі болып бастадым. Одан кейін 9 жыл мектеп директорының орынбасары қызметін атқардым. Содан кейін Ә.Мүсілімов атындағы №101 мектепте 3 жыл мектеп директорының орынбасары қызметін атқардым. «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасының түлегімін. Осы жоба аясында мектеп директоры болуға оқытты. Бұл жобаға қатысу үшін арнайы іріктеуден өттім. Нәтижесінде «Келешек мектебінің» директорылығына конкурссыз тағайындалдым. Бұл жоба директорылық басқару, мектепте жүйе құра білу, ата-анамен қарым қатынас, мектеп климаты, құқықтық нормативтік актілер, заңнамамен жұмыс істеу бағытында үлкен септігін тигізді.

– Мектеп басшысы ретінде ұстанымыңыз...

– Ұстазға, оқушыға жағымды ахуал қалыптастыру. Әр бала, әр мұғалім мектепке қуанып келсе деймін. Оқушыға сапалы білім беріп, оның өміріне өзгеріс енгізіп, алдағы уақытта саналы түрде өз мамандығын бейініне қарай анықтап алса деймін. Еліне қызмет ететін азамат мен азаматшаларды тәрбиелеу.

– Өз тәжірибеніңден мектеп оқушыларына қандай кеңес берер едіңіз?

– Мектепте алған білім баланың өмірде қалыптасуына зор үлесін тигізеді. Сондықтан да қандай ұстаз, қандай сабақ болып жатса да әрбір сабақтан ой түйіп, сол ойды жүйелеп өзінің дағдысын қалыптастырса өміріне әсер ететіні сөзсіз. Мектепте ғылыми зерттеумен, шығармашылықпен, спортпен айналысқан әрбір оқушы болашақта көшбасшы болатынына сенемін. Ең бастысы, адал азамат болу. Мектептен алған білім өмірге тәжірибе. Сондықтан да уақытты тиімді пайдаланып, әлеуметтік желіден кері кітапқа үніліп, ғылыми зерттеу жұмыстармен айналыса деймін. Мұғалімдерге айтарым, баланы тәрбиелеуден, сапалы білім беруден шаршамайық. Біздің тамшыдай үлесіміз үлкен жетістікке жеткізеді деп сенемін. Әр партада арман бар. Әр оқушы түрлі саланың мамандары болып шығары сөзсіз. Жас ұрпақтан зор үміт күтемін. Оқушыларға мектеп басшысы ретінде жан-жақты қолдау көрсетемін.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан Айтолқын АЙТЖАНОВА

Меншік иесі:

**СЫР
МЕДИА**

жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабалдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аттасына 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілгені. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баса үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4А.

Таралымы 4019 Тапсырыс №1417

Нөмірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН